

Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкінің оңалту займы бойынша "Қаззооветснаб" республикалық бірлестігінің берешегі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 29 желтоқсан N 1888

Халықаралық Қайта жаңарту және Даму банкінің ветеринарлық препараттарды сатып алуға пайдаланылған оңалту займы бойынша "Қаззооветснаб" республикалық бірлестігінің құралған берешегін жою мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне операциялық шығындарға бөлінетін 425800 мың (төрт жүз жиырма бес миллион сегіз жүз мың) теңге сомасындағы қаржы есебінен Халықаралық Қайта жаңарту және Даму банкінің оңалту займы бойынша "Қаззооветснаб" республикалық бірлестігінің республикалық бюджет алдындағы берешегіне есептеме жүргізсін;

Халықаралық Қайта жаңарту және Даму банкінің ветеринарлық препараттарды сатып алуға пайдаланылған оңалту займы бойынша "Қаззооветснаб" республикалық бірлестігінің берешегін республикалық бюджетке қайтару қаржысы, сатылған препараттар үшін ұлттық валютада шетелдік фирмалармен контрактілер жасау сәтіне сәйкес 1 АҚШ долларына 46 теңге бағамымен, сатылмаған ветеринарлық препараттар бөлігінде - есептеме өткізілетін күнгі бағаммен жүргізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму банкінің оңалту займының қаржысына сатып алынған ветеринарлық препараттардың сатылмағанын, мақсатына сай пайдалану үшін "Қаззооветснаб" республикалық бірлестігі арқылы шаруашылықтарға берсін.

3. "Қаззооветснаб" республикалық бірлестігі Халықаралық Қайта жаңарту және Даму банкінің оңалту займы бойынша сатып алынған ветеринарлық препараттардың борыштары Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісілген тізім бойынша ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің есебінен шығарылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

